"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі" мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасы 010000, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел Даңғылы 8

Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан"

Республика Казахстан 010000, район Есиль, Проспект Мангилик Ел 8

11.12.2025 №ЗТ-2025-04288261

Товарищество с ограниченной ответственностью "Новое Будущее"

На №ЗТ-2025-04288261 от 3 декабря 2025 года

М. Исаевқа e-Otinish 2025 жылғы 3 желтоқсандағы ЗТ-2025-04288261 Құрметті Махмутжан Исаев! Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі - Комитет), түсіндірме ұсыну туралы сұранымыңызды қарастырып, мынаны хабарлайды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы қағидаларымен» (бұдан әрі -Қағида) орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу тәртібі реттеледі. Қағида білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру тәртібін қарастырады. Қағиданың 20 тармағының 3) сай әлеуетті өнім берушілер Үлгілік конкурстық құжаттаманың 4, 5-қосымшаларға сәйкес нысандарды толтырып, конкурсқа қатысуға өтінім берулері тиіс.Үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер: 150-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 1 аспаз, 1 ас үй жұмысшысы; 151-ден 350-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 1 аспаз, 2 ас үй жұмысшысы; 351-дан 650-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 1 аспаз, 3 ас үй жұмысшысы; 651-ден 1300-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 2 аспаз, 4 ас үй жұмысшысы; 1301-ден 2500-ге дейін білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 3 аспаз, 5 ас үй жұмысшысы; 2501 және одан да көп білім алушысы бар білім беру ұйымдарында – кемінде 4 аспаз, 7 ас үй жұмысшысының болуы туралы растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуы тиіс. Қағиданың 64 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия конкурс қорытындылары туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қатысты Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8-қосымшалардағы өлшемшарттарға сәйкес балл қояды. Барынша көп балл жинаған әлеуетті өнім беруші конкурс жеңімпазы болып танылады. Егер конкурсқа конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес өтінімді ұсынған және осы Қағидалардың нормаларына сәйкес келетін бір әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда, ол конкурс жеңімпазы

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

болып танылады. Осыған қоса, Қағиданың 7 - қосымшасында ҚР Еңбек кодексіне сәйкес өтінім беру сәтінде қызметкерлердің әлеуетті өнім берушімен еңбек қатынастарының, «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес кәсіптік білімінің, разрядының, сондай-ақ маманның жеке басын куәландыратын құжаттың болуы туралы құжаттардың көшірмелерімен расталуы қажет. Егер аспазшы біліктілігін беретін білімі болса, аспазшының біліктілігін арттыру (разряды) уәкілетті орган белгілеген үлгідегі құжаттың электрондық көшірмесімен расталады. Ең көп ұпай жинаған әлеуетті өнім беруші конкурс жеңімпазы деп танылады. Егер екі немесе одан да көп әлеуетті өнім берушілер бірдей ұпай жинаса, Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес «Қызмет көрсету нарығында соңғы 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ең жоғары балл жинаған, Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес «Соңғы 7 жыл ішінде тауар нарығындағы жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ең жоғары балл жинаған конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады. Жұмыс тәжірибесі бойынша баллдар саны тең болған жағдайда, қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілерден конкурсқа қатысуға өтінімдерден бұрын алынған конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады. 51 және 52-тармақтарға сәйкес әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігіне конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия: 1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірмелерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады; 2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында қажетті ақпаратты сұратады. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты сауал жіберуіне және өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап беретін өтінім ретінде қарайды. Жеткізушіні таңдау өлшемшарттарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі үшін ұпайларды есептеуге қатысты: Аспаздың еңбек өтілі 1 жылдан кем емес (4 баллдан аспайды) жұмыс өтілі болған кезде қызметкердің еңбек өтілін растайтын құжат аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірменің немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан алынған мәліметтердің электрондық көшірмесі және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35 бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі болып табылады. Бұл ретте қызметкердің еңбек өтілі соңғы бес жылда ескеріледі. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 23 бабының 2-тармағының 27) тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші қызметкермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы 28 баптың 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 13) тармақшаларда көзделген мәліметтерді қамтитын ақпаратты енгізуге міндетті. Сондай-ақ, осы Кодекстің 99 бабында көзделген демалыстарды еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі- ЕШЕАБЖ) беру туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 353 бұйрығымен бекітілген еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларының 7-тармағына сәйкес жаңадан жасалған еңбек шарттары туралы мәліметтерді жұмыс беруші екеуінің де еңбек шартына қол қойған күнінен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ЕШЕАБЖ енгізуге тиіс. Бұл ретте, ұсынылған деректердің дұрыстығын тексеру конкурс ұйымдастырушысы тарапынан жүзеге асырылады. Деректердің дұрыстығы мен ұсынылған құжаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігі расталған жағдайда тиісті балл қойылады. Осы ретте, Сіздің сұрағыңызға қатысты қолданыстағы Қағидада шектеулер көрсетілмеген. Бұдан бөлек, Қағиданың 7 - қосымшасында бір қызметкер бірнеше лауазымдарды қоса атқарған жағдайда балл өлшемшарттардың біреуі бойынша ғана

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

қойылады делінген. Алайда, нақты аспаз Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығымен бекітілген, Жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақытөленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесінде аспаз ауыр жұмыстардың (362-тарау. Қоғамдық тамақтану кәсіпорыны) қатарына енгізілген. Ал, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 26 бабындағы шектеулерге сәйкес, соның ішінде аспаз ауыр жұмыс болып табылатындықтан оларды қоса атқаратын жұмысқа орналастыруға жол берілмейтіндігін атап өтеміз. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік – процестік кодексінің 91 бабына сәйкес, арыздың қаралу нәтижесіне шағым келтіруге құқылысыз. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Н. Оспанова А.Ткшин тел: 74-23-44, a.tkshin@edu.gov.kz

Төраға **ОСПАНОВА НАСЫМЖАН ЖАМБЕКОВНА**

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

Орындаушы

ТКШИН АСЛАН ЖОЛБАТЫРОВИЧ

тел.: 8 (7172) 742343

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі" мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасы 010000, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел Даңғылы 8

Государственное учреждение "Министерство просвещения Республики Казахстан"

Республика Казахстан 010000, район Есиль, Проспект Мангилик Ел 8

31.12.2025 №ЗТ-2025-04520414

Товарищество с ограниченной ответственностью "Новое Будущее"

На №ЗТ-2025-04520414 от 22 декабря 2025 года

Исаев М. Уважаемый Исаев Махмутжан! Комитет по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан, рассмотрев Ваше обращение, сообщает следующее. Приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 598 утверждены Правила организации питания обучающихся в государственных организациях среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, внешкольных организациях дополнительного образования, а также приобретения товаров, связанных с обеспечением питания детей, воспитывающихся и обучающихся в государственных дошкольных организациях, организациях образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей (далее – Правила). Нормами Правил предусмотрен порядок организации питания обучающихся в организациях образования. Согласно подпункту 3) пункта 20 Правил заявку на участие в конкурсе потенциальные поставщики должны заполнить и подать по формам согласно приложениям 4, 5 к Типовой конкурсной документации. В соответствии с пунктом 64 Правил конкурсная комиссия при формировании протокола об итогах конкурса выставляет баллы в соответствии с критериями, согласно приложениям 7, 8 к Типовой конкурсной документации, применительно к каждому потенциальному поставщику, представившему заявку на участие в конкурсе. Победителем конкурса признается потенциальный поставщик, набравший наибольшее количество баллов. Согласно приложению 7 к Типовой конкурсной документации, опыт работы учитывается за предыдущие 7 лет (не более 5 баллов) по услугам, оказанным в государственных организациях среднего образования и в других объектах общественного питания. Таким образом, расчет опыта работы осуществляется путем суммирования общего периода оказания услуг в государственных организациях среднего образования с последующим делением на 8 месяцев либо, в случае иных объектов общественного питания на 12 месяцев. При этом общий балл по критерию «Опыт работы» не может превышать 5 баллов. В соответствии с пунктом 4 статьи 60 Закона РК «О правовых актах» государственные органы, проводящие государственную политику, осуществляющие регулирование и управление в определенной отрасли (сфере деятельности) или к компетенции которых отнесено решение соответствующих вопросов, либо иные государственные органы в соответствии с предоставленными им полномочиями обязаны давать в пределах своей компетенции разъяснения нормативных правовых актов в отношении конкретных субъектов или применительно к конкретной ситуации. Такие разъяснения не имеют обязательной юридической силы и носят рекомендательный характер. Вместе с этим дополнительно сообщаем, что Вы имеете право на обжалование решения, принятого по

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

результатам рассмотрения обращения, в соответствии со ст. 91, Административного процедурно-процессуального Кодекса Республики Казахстан Председатель Н. Оспанова исп. Д. Мактаева, 741651

Председатель **ОСПАНОВА НАСЫМЖАН ЖАМБЕКОВНА**

Исполнитель

МАКТАЕВА ДАНА ТУЛЬКУБАЕВНА

тел.: 7172741651

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 91-бабына сәйкес шағымдануға құқылысыз.

В случае несогласия с принятым решением, Вы вправе обжаловать его в соответствии со статьей 91 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.